


# АБАЙ ӘНДЕРІ

ИЗДАТЕЛЬСТВО
ӨНЕР
БАСПАСЫ

ҚАЗАҚСТАН КОМПОЗИТОРЛАР ОДАҒЫ

# АБАЙ ӘНДЕРІ

Құрастырған және алғы сөзін жазған-
*Бисенгали ҒИЗАТОВ*

ББК 85.315.3
А 13

Редакторы — *Т. Тайбеков*

**А 13 Абай әндері. (Песни Абая),— Алматы: Өнер, 1994, 80., каз. яз.**

Абай қазақ халқы мен Шығыс халықтарына өзінің поэзиясы мен тамаша әндері арқылы кең танымал болған ұлы тұлға. Оның өлеңдері мен әндерін халқымыз әрдайым ұйып тыңдаған, құрметтеген.

Аталмыш жинаққа Абайдың өзінің төл әндері еніп отыр. Бұл әндердің фортепианолық сүйемелдеуін жазу ісіне Қазақстан композиторлары мол еңбек сіңірді. Осындай қажырлы шығармашылық еңбектің нәтижесінде Абай әндері әрлене түсіп, оның тәрбиелік мәні мен эстетикалық нәрі арта түсті.

Жинақ музыка сүйер көпшілік қауымға арналады.

ББК 85.315.3

$\frac{520400000-30}{409(05)94}$ 7–94

© Ғизатов Б., құрастырушы, 1994

# АҚЫН ӘРІ КОМПОЗИТОР

1995 жылы ЮНЕСКО-ның ұйғарымы бойынша бүкіл прогресшіл адамзат қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаушы, ағартушы, ұлы ақын, ақиық композитор Абай Құнанбаевтың 150 жылдық мерей-тойын атап өтпекші.

Өз заманынан озық туған Абай қазақ жазба мәдениеті мен музыка өнерін биік сатыға көтеріп, не бір асыл жауһар өлеңдер мен тамаша әндер тудырған, шын мәніндегі көркем поэзия мен ән жанрына жаңашылдық сипат, өміршең рух берген, сөйтіп тек қазақ даласына ғана емес, бүкіл Шығыс халықтарына танымал болған ұлы тұлға.

Ақан, Біржан, Мұқит, Жаяу Мұса, Ықылас, Тәттімбет, Құрманғазы, Дәулеткерей, Тоқа секілді т. б. өзінің өнерпаз замандастары тәрізді артына мол мұра қалдырып, мұрагер шәкірттер тәрбиеледі.

Абай өзінің үзеңгілес замандастары сияқты музыканы, ән-күйді жақсы түсіне білген. Әсіресе халық әншілері мен күйшілердің өнерін жоғары бағалап, оларды ұйып тыңдаған. Көптеген ақын, әнші, күйшілермен кездескен, кейбіреулері Абай аулында болған. Мәселен, атақты әнші Біржан сал Абай аулында бірнеше ай болып, ән салып, Абайдың да әндерін тыңдап, бір-біріне жақсы баға бергені мәлім. Біржан сал Абайдың «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын» өлеңіне ән шығарып кеткен.

Академик А. Жұбанов өзінің «Замана бұлбұлдары» атты кітабында былай дейді: «Өз заманындағы ән, күй шығарған халық композиторлары сияқты Абай да нота сауатын аша алмады. Сондықтан музыка шығару жөніндегі қолында болған құралы Біржан, Ақан, Жаяу Мұсадан артық болған жоқ. Бұда тек өзінің музыкалық қабілетіне, бар даусына, домбыраға сүйенді» (Замана бұлбұлдары, А.., 1975, 15-б.)

*Туғанда дүние есігін ашады өлең,*
*Өлеңмен жер қойнына кірер денең.*
*Дүниедегі қызықтың бәрі өлеңмен,*
*Ойлансаңшы бос қақпай елең-селең,—*

деп Абай музыканың өмірлік мәні жайлы өткір философиялық пікірлер айтқан. Ақынның айналасына талантты жас ақындар, әншілер жиналып, жиі бас қосатын болған.

Кейбір деректерге қарағанда, Абай аулында ақынның балалары мен шәкірттерінен құрылған музыка ансамблі болғанға ұқсайды. Ансамбльге домбыра, скрипка, гармонь, мандолина және гитара аспаптары кірген. Ансамбльді Әбіш пен Көкпай басқарған. Ал скрипач Мұқаның репертуарында қазақтың халық әндері мен қатар, Батыс Еуропа және орыс композиторларының шығармалары, орыс, украин, татар, башқұрттың халық әндері болған.

Бүгінгі таңда, көп ұлтты Қазақстан республикасының халықтары Абайды тек қана ойшыл, ұлы ақын емес, тамаша халық композиторы есебінде танып отыр. Біздің заманға Абайдың 28 әні жетті, ал, кейбір әндердің түрлерін қосқанда 60-тан асады.

*Махаббатсыз дүние бос,*
*Хайуанға оны қосыңдар,—*

деп шынайы махаббатты қастерлеген Абай қазақ жастарының ғашықтық сезімін оята түсу ниетімен Пушкиннің «Евгений Онегин» романындағы Онегин мен Татьянаның арасындағы махаббатты үлгіге тартып, олардың сүйіспеншілік хаттарын қазақ тіліне аса шебер аударады. Осы тақырыпта көптеген көркем өлеңдер, ғажайып сазды әндер шығарады. Оған «Амал жоқ-қайттым білдірмей» (Татьяна хаты), «Тәңірі қосқан жар едің сен» (Татьянаның монологі), Онегиннің Татьянаға жауабы, немесе «Қараңғы түнде тау қалғып» («Горные вершины») М. Лермонтовтан, т. б. әндер кепіл бола алады. Бұл қазақ ұлттық музыка мәдениетіне қосылған асыл қазына. Ақын өзінің қысқа өлеңдерінде табиғаттың бейнесін, адам портретін жасауға, оның ішкі, сыртқы мінездерін суреттеуге өте шебер. Абай өлеңнің тематикасы мен образдық жүйесін байытып, оған халықтық характер берген. Мәселен, «Айттым сәлем, қаламқас», «Қор болды жаным», «Сегіз аяқ», «Ата-анаға көз қуаныш», «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын», «Сұрғылт тұман», «Желсіз түнде жарық ай», «Амал жоқ,— қайттым білдірмей» (Татьяна хаты), «Қараңғы түнде тау қалғып», «Ішім өлген, сыртым сау» т. б. әндерінде жаңа өлшем, ерекше әуен мен ырғақ, жаңа үн мен олардың бірнеше түрлері бар.

Абай әндерінің мелодиялық дамуы біркелкі кең, созылып айтылса, кейбіреулері қысқа речитативті болып, ал кейбіреулері ариозо характерінде қалыптасқан. Әндердің ырғақтық және өлеңіне үндестік, интонациялық құбылысы да мәнерлі, түсінікті.

Абайдың көзі тірі кезінде-ақ әндері қазақ даласына кеңінен тараған. Абай ән өнерінде жалғыз болмаған, оның қасында ән мен күйдің майын тамызған бір топ өнерпаз жастар болған. Олар Абайдың әндерін орындаушы әрі насихаттаушы балалары Әбіш пен Ақылбай, әнші Алмағамбет, скрипкашы Мұқа, әрі әнші, әрі ақынның сүйікті әйелі Әйгерімдер болған. Бұл насихаттаушылар Абайдың әндерін халық арасына таратқанда (нота жазуы болмағандықтан) әр жерде әртүрлі орын-

далып, немесе әдемілеп, құлпыртып жіберген жерлері де болса керек. Сондықтан да, халық арасында да, Абай әндері өзгертіліп айтылып, соның нәтижесінде әндердің көптеген түрлері пайда болғаны белгілі.

1920 жылдары Абай әндерін, алғаш фольклоршы-этнограф А. Бимбоэс, кейінгі жылдары А. Затаевич халық аузынан жазып алды.

1935 жылы ақынның туған жері Семейде, Мұқтар Әуезов өзінің болашақ «Абай» романына материал жинап жүрген кезінде композитор Л. Хамидиді кездестіріп, оған Абайдың әндерін нотаға түсіріп, жазып алу туралы ақыл береді. Л. Хамиди Семейде Абайдың жиені Архалы Ысқақовтан ақынның 18 әнін жазып алып, нотаға түсіреді.

1939 жылы Абайдың музыкалық мұрасын сақтау мақсатында Алматыға Абайдың немересі, әрі әнші, әрі ақын, атасының әндерін сақтаушы Мәкен Мұхаметжанова шақырылып, одан композитор әрі музыка зерттеуші А. Жұбанов Абайдың 15 әнін жазып алып, нотаға түсіреді. Бұдан кейінгі жылдары фольклоршы Б. Ерзакович әншілер Темірболат Арғынбаевтан, Қуан Лекеровтен, Жүсіпбек Елебековтен Абайдың 10 шақты әнін жазып алған. Мұнымен қатар академик А. Жұбанов өзінің «Замана бұлбұлдары» атты кітабында Абайдың музыкалық мұрасы туралы үлкен зерттеу жазды. Ал Абайдың әндері туралы В. Дернова, Б. Ерзакович біраз мақалалар жазып, еңбек етті.

Абайдың әндері профессионалдық қазақ музыкасының тууына әсер етті. С. Шабельскийдің фортепианолық триосы, Украина композиторы М. Скорульскийдің фортепианолық квинтеті Абай әндерінің негізінде туды. Композитор В.Великанов Абайдың «Қарашада өмір тұр» тақырыбына импровизация, Ғ. Жұбанова «Қор болды жаным» әніне вариация, скрипка мен фортепианоға арналған транскрипциясы да Абай әндерінің сарынымен жазылған.

А. Жұбанов пен Л. Хамиди өздерінің «Абай» операсында Абайдың әндерін орынды пайдаланды. Ал А. Жұбановтың «Абай», Е. Брусиловскийдің «Жалғыз қайық» поэмалары да Абай әндерінің негізінде туды. Ғ. Жұбанова оркестрге, хорға, әнші мен домбырашыға арнап «Татьяна әні» деген оратория жазды. Бұл шығармалардан басқа композиторлар Е. Рахмадиев, Ж. Дәстенов, Г. Гризбил, К. Күмісбековтердің Абайға арналған музыкалық туындыларын да атап айтуға болады. Қазақстан композиторларының шығармашылығында Абайдың әндері цитата немесе интонациялық түрде молынан пайдаланылды, ол жоғарыдағы аталған шығармалардың музыкалық драматургиясын күшейте түсті. Қысқасы, Абай әндері қазақтың күрделі профессионалдық музыка мен ән және көп дауысты хор өнеріне, музыкалық мәдениетіне қосылған зор үлес деп білу керек.

Абай тақырыбына жазылған опералық, симфониялық, аспаптық музыкаларын, ақынның сөзіне жазылған ән, хор, романстарын халық арасында насихаттауда — Қазақтың мемлекеттік Абай атындағы академиялық опера және балет театры, Құрманғазы атындағы академиялық ұлт аспаптары оркестрі, Қазақтың мемлекеттік хор капелласы, Жамбыл атындағы филармония мен Қазақконцерттің артистерінің еңбегі зор. Абай әндерін нәшіне келтіріп шебер орындайтын Ж. Елебеков, Т. Арғынбаев, Қ. Лекеров, Н. Әбішев, немесе соңғы жылдары Р. Абдуллин, Е. Серкебаев, Ә. Дінішев, Б. Төлегенова, Р. Жаманова, Б. Досымжанов, Б. Жылысбаев, Н. Қаражігітов, М. Мұсабаев, Ғ. Есімов сияқты еліміздің тамаша әншілерін атап айтуға болады.

Бұл жинаққа әндердің басқа да түрлерімен қатар дауыс диапазоны, тональдігі, ырғақтық өлшемі өзгертіліп алынған әндер де кірді. Әндерге композиторлар Н. Меңдіғалиев, Б. Ерзакович, Д. Ботбаев, Е. Өміров, Қ. Шілдебаев, Б. Қыдырбекова, Ж. Тұрсынбаев, Ж. Тезекбаев, Т. Мұхамеджанов, Б. Дәлденбаев, Б. Аманжолов, В. Новиковтар фортепианолық сүйемелдеу жазған. Жинаққа Абайдың (фортепианолық сүйемелмен) бұрын басылмаған «Есінде бар ма жас күнің», «Теректің сыйы», «Өлсем орным қара жер сыз болмай ма?», «Мағыштың жоқтауы» (Абдрахманның әйелі Мағышқа Абай шығарып берген жоқтау) сияқты әндері еніп отыр.

Бисенғали Ғизатов,
өнертану ғылымының кандидаты,
Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген
мәдениет қызметкері.

# СЕГІЗ АЯҚ

(ҮШІНШІ ТҮРІ)

ӨҢДЕГЕН — Б.ЕРЗАКОВИЧ






Алыстан сермеп,
Жүректен тербеп,
Шымырлап бойға жайылған,
Қиуадан шауып,
Қыйсынын тауып,
Тағыны жетіп қайырған,
Толғауы тоқсан қызыл тіл,
Сөйлеймін десең, өзің біл.
Өткірдің жүзі,
Кестенің бізі
Өрнегін сендей сала алмас.
Білгенге маржан,
Білмеске арзан,
Надандар бәһра ала алмас.
Қыйналма бекер, тіл мен жақ,
Көңілсіз құлақ — ойға олақ.

# СЕГІЗ АЯҚ
## (АЛТЫНШЫ ТҮРІ)

ӨҢДЕГЕН — Н.МЕҢДІҒАЛИЕВ




Тол–ға–уы тоқсан қы–зыл тіл, сөй–лей-мін де–сең ө– зің біл!
pp

# ҚОР БОЛДЫ ЖАНЫМ

ӨҢДЕГЕН — Л.ХАМИДИ

ОРТАША ЕКПІНМЕН




біт– ті ха– лім, тағ– дыр–
дан кел– ген зұ– лым. Ей! Тағ– дыр
pp
ет– се ал– ла, не көр– мей– ді
pp
1-3.
4.
пән– дә? //–ды?
p
dim.
pp

Қор болды жаным,
Сенсіз де менің күнім,
Бек бітті халім,
Тағдырдан келген зұлым.
    Тағдыр етсе алла,
    Не көрмейді пәндә?

Сайрай бер, тілім,
Сарғайған соң бұл дерттен.
Бүгілді белім,
Жар тайған соң әр серттен.
    Қамырықты көңіл,
    Қайтсе болар жеңіл?

Сағындым сені,
Көрмедім деп көп заман.
Адам деп мені,
Салмадың сен хат маған.
    Жай таба алмай жүрек,
    Жасыған соң сүйек.

Бұл қылған зарым
Барса жардың маңына,
Ол қылған дәрім
Ғашығымның жанына
    Оңалдырып ойды,
    Түзетпей ме бойды?

# СЕН МЕНІ НЕ ЕТЕСІҢ?

ӨҢДЕГЕН — Н.МЕҢДІҒАЛИЕВ






Сен мені не етесің?
Мені тастап,
Өнер бастап
Жайыңа
Және алдап,
Арбап,
        Өз бетіңмен сен кетесің.
Неге әуре етесің?
Қосылыспай,
Байыңа
Және жаттан
Бай тап
        Өмір бойы қор етесің.
Ет жүрек өртенді,
От боп жанып,
Жалын шалып
Ішіме.
Иттей қормын,
Зармын,
        Сен үздің ғой бұл желкемді.
Шын ғашық мен саған!
Кейіп жүрсем,
Сені көрсем,
Ләм-мим деп
Бір сөз айтар
Хал жоқ,
        Еріп кетер бой сол заман.

# АЙТТЫМ СӘЛЕМ, ҚАЛАМҚАС
(БІРІНШІ ТҮРІ)

ӨҢДЕГЕН — Л.ХАМИДИ






Айттым сәлем, қаламқас,
Саған құрбан мал мен бас,
Сағынғаннан сені ойлап,
Келер көзге ыстық жас.

Сенен артық жан тумас,
Туса туар — артылмас.
Бір өзіңнен басқаға
Ынтықтығым айтылмас.

Асыл адам айнымас,
Бір бетінен қайрылмас.
Көрмесем де, көрсем де,
Көңілім сенен айрылмас.

# АТА-АНАҒА КӨЗ ҚУАНЫШ

ӨҢДЕГЕН — Б.ЕРЗАКОВИЧ

ОРТАША ЕКПІНМЕН






Ата-анаға көз қуаныш —
Алдына алған еркесі,
Көкірегіне көп жұбаныш,
Гүлденіп ой өлкесі.

Еркелік кетті,
Ер жетті, 2 рет
Не бітті?

Оқытарсың молдаға оны,
Үйретерсің әрнені.
Медеу етіп ойы соны,
Жаны тыныштық көрмеді.

Жасында күтті,
Дәме етті, 2 рет
Босқа өтті.

Ата көңілі жанбаса бір,
Артық өнер шықпаса.
Ел танымай, үй танып құр,
Шаруасын да ұқпаса.

Үміті қайда?
Соны ойла, 2 рет
Абайла!

# АТА-АНАҒА КӨЗ ҚУАНЫШ

ӨҢДЕГЕН — Қ.ШІЛДЕБАЕВ




сі.
Ер–ке–лік кет–ті, ер жет– ті не біт– ті,
ер–ке–лік кет–ті, ер жет–ті, не біт– ті.
mf
Соңы

# ӨЗГЕГЕ КӨҢІЛІМ, ТОЯРСЫҢ

(БІРІНШІ ТҮРІ)

ӨҢДЕГЕН — Д.МАЦУЦИН






Өзгеге, көңілім, тоярсың,
Өлеңді қайтып қоярсың?
Оны айтқанда толғанып,
Іштегі дертті жоярсың.

Сайра да зарла, қызыл тіл,
Қара көңілім оянсын.
Жыласын, көзден жас ақсын,
Омырауым боялсын.

Қара басқан, қаңғырған,
Қас надан нені ұға алсын?
Көкірегінде оты бар,
Құлағын ойлы ер салсын.

Әуелесін, қалқысын,
От жалын боп шалқысын.
Жылай-жырлай өлгенде,
Арттағыға сөз қалсын.

# КӨЗІМНІҢ ҚАРАСЫ

ӨҢДЕГЕН — Л.ХАМИДИ

ОРТАША ЕКПІНМЕН






Көзімнің қарасы,
Көңлімнің санасы,
Бітпейді іштегі
Ғашықтық жарасы.

Қазақтың данасы,
Жасы үлкен ағасы,
Бар демес сендей бір
Адамның баласы.

Жылайын, жырлайын,
Ағызып көз майын.
Айтуға келгенде,
Қалқаға сөз дайын.

Жүректен қозғайын,
Әдептен озбайын.
Өзі де білмей ме,
Көп сөйлеп созбайын?

# КӨЗІМНІҢ ҚАРАСЫ

ӨҢДЕГЕН — Ж.ТҰРСЫНБАЕВ

ОРТАША ЕКПІНДЕ








C:\Documents and Settings\zeis\ \ \abai 1994+\abai 1994.tif_page 27


3. Жы–ла–
йын, жыр–ла– йын, а– ғы– зып көз ма– йын. Ай– ту– ға кел–ген–
де, қал–қа– ма сөз да– йын.


f
rit.
f
4.Жү-рек- тен қоз-ға- йын, ә- деп-
тен оз- ба- йын ө- зі- де біл- мей- ме көп сөй-
леп соз-ба- йын. Ө- зі- де біл- мей- ме көп сөй-

# БОЙЫ БҰЛҒАҢ

ӨҢДЕГЕН — Б.ЕРЗАКОВИЧ






Бойы бұлғаң,
Сөзі жылмаң,
Кімді көрсем мен сонан,
Бетті бастым,
Қатты састым,
Тұра қаштым жалма жан.
Өз ойында,
Тұл бойында
Бір міні жоқ бендесіп,
Түзде мырзаң,
Үйде сырдаң,
Сөзі қылжаң еркесіп.
Бас құрасып,
Мал сұрасып,
Бермегенмен кетісер.
Адам аулап,
Сыпыра саулап,
Байды жаулап кетісер.
Сөз қыдыртқан,
Жұрт құтыртқан,
Антын, арын саудалап,
Бұтты-шатты
Үй санатты,
Байдан атты алмалап.

# СҰРҒЫЛТ ТҰМАН

(ҮШІНШІ ТҮРІ)

ӨҢДЕГЕН — Н.МЕҢДІҒАЛИЕВ






Сұрғылт тұман дым бүркіп,
Барқыт бешпент сулайды.
Жеңіменен көз сүртіп,
Сұрланып жігіт жылайды.
Әйелмісін, жылама,
Тәуекел қыл құдаға!
Өлең айт,
Үйге қайт!

Атаңды анаң азғырып,
Тұрғызбаған бейішке.
Алласы оны жазғырып,
Әкелді бастап кейіске.
Әйелде ешбір опа жоқ,
Бүгін жалын, ертең шоқ,
Белді бу,
Бетті жу!

# ҚАРАШАДА ӨМІР ТҰР

ӨҢДЕГЕН — В.ВЕЛИКАНОВ

ОРТАША ЕКПІНМЕН






Қарашада өмір тұр,
Тоқтасаң тоқсан көнер ме?
Арттағы майда көңіл жүр,
Жалынсаң қайтып келер ме?

Майдағы жұрттың іші-қар,
Бәйшешек қарға өнер ме?
Ішінде кімнің оты бар,
Қар жауса да, сөнер ме?

# ҚАРАШАДА ӨМІР ТҰР

(БІРІНШІ ТҮРІ)

ӨҢДЕГЕН — Б.АМАНЖОЛОВ




leggiero
p
Ха- ла- ла- ла-
f
rit.
pp
con ped.
ла ха- ла- ла- ла-
ла ха- ла- ла- ла- ла-ла-ла-ла-ла- лай а,
accell.
rit.
mf
Соны
ха- ла- ла- ла- ла- ла- ла- ла- ла- ла!
mp
pp

# ЖЕЛСІЗ ТҮНДЕ ЖАРЫҚ АЙ

ӨҢДЕГЕН — М.ИВАНОВ-СОКОЛЬСКИЙ

САБЫРМЕН, КӨТЕРІҢКІ




ге- рең сай, та-сы-ған ө- зен
ге- рiл- деп. деп. 2.Қа- лың а- ғаш жа- пы-ра-
ғы сы- быр- ла- сып өз- дi ө- зi. Кө-рiн-бей-
кер- дiң то- пы-ра- ғы, құл-пыр-ған
tr
ppp


жа– сыл жер жү– зі. //–зі.
rall.
3. Тау жан– ғы– рып өн қо– сып
ppp
үр– ген ит пен ай– тақ– қа.
Кел– меп– пе е– дің жол то– сып
ppp




Желсіз түнде жарық ай,
Сәулесі суда дірілдеп.
Ауылдың жаны терең сай,
Тасыған өзен күрілдеп.

Қалың ағаш жапырағы
Сыбырласып өзді өзі.
Көрінбей жердің топырағы,
Құлпырған жасыл жер жүзі.

Тау жаңғырығып, ән қосып
Үрген ит пен айтаққа.
Келмеп пе едің жол тосып
Жолығуға аулаққа?

Таймаңдамай тамылжып,
Бір суынып, бір ысып,
Дем ала алмай дамыл қып,
Елең қағып, бос шошып.

Сөз айта алмай бөгеліп,
Дүрсіл қағып жүрегі,
Тұрмап па еді сүйеніп,
Тамаққа кіріп иегі.

# ЖЕЛСІЗ ТҮНДЕ ЖАРЫҚ АЙ

ӨҢДЕГЕН — Б.ҚЫДЫРБЕКОВА




жа– ны те– рең сай, та–сы–ған ө–
зен гу– ріл– деп. А– уыл– дың
жа– ны те– рең сай, та–сы–ған ө–
зен гу– ріл– деп.
f
f

# МЕН КӨРДІМ ҰЗЫН ҚАЙЫҢ ҚҰЛАҒАНЫН

ӨҢДЕГЕН — Л.ХАМИДИ




сі – реп, бай–ғұс– тың кім тың-дай– ды жы– ла– ға– нын?
Мен көр– дім ой– нап жүр– ген қы– зыл ки– ік,
кеу-де-сі – не мыл– тық– тың о– ғы ти– іп.
Қал–жы– рап, қан-сы-ра– ған, қа-бақ түс– кен, кім-ге ба–


тар ол бай– ғұс тарт-қан кү– йік?
mf
Мен көр– дім ға–шық жар–дан уә– де– сіз– дік,
mf
ө– мір– дің қы–зығы– нан кү– дер үз– дік. Су– ы–
poco rit.
ды, жы-лы жү– рек жа– ра түс– ті, шық–па– ған шы-бын-жан
p
poco rit.
pp




Мен көрдім ұзын қайың құлағанын,
Бас ұрып қара жерге сұлағанын.
Сарғайып жапырағы, өлімсіреп
Байғұстың кім тыңдайды жылағанын?

Мен көрдім ойнап жүрген қызыл киік,
Кеудесіне мылтықтың оғы тиіп,
Қалжырап, қансыраған, қабақ түскен,
Кімге батар ол байғұс тартқан күйік?

Мең көрдім ғашық жардан уәдесіздік,
Өмірдің қызығынан күдер үздік.
Суыды жылы жүрек, жара түсті,
Шықпаған шыбын жанмен күн өткіздік

# МЕН КӨРДІМ ҰЗЫН ҚАЙЫҢ ҚҰЛАҒАНЫН

ӨҢДЕГЕН — Д.БОТБАЕВ

МҰҢДЫ,БАЙСАЛДЫ




бай-ғус-тың кім тың-дай-ды жы- ла- ға- нын? Мен көр-
pp
mp
дім ой-нап жүр- ген қы-зыл ки- ік кеу-де-сі-
mf
f
dolce
не мыл-тық- тың о- ғы ти- іп, қал-жы-
f
p
рап, қан-сы-ра- ған, қа-бақ түс- кен, кім-ге ба- тар ол бай-
f
p
pp


a tempo
ғұс тарт-қан кү- йік?
Мен көр-
rit.
p
дім ға-шық жар- дан уә- де- сіз- дік ө- мір- дің қы-зы-ғы-
ff
pp
нан кү- дер үз- дік. Су-ы- ды, жа-лың жү- рек жа- ра түс- ті,
pp
rit
f
allarg.
a tempo
шық-па- ған шы-бын жан-мен күн өт- кіз- дік!
pp
mp
p



4-671

# СҮЙСІНЕ АЛМАДЫМ

**ӨҢДЕГЕН — В.ВЕЛИКАНОВ**

САБЫРМЕН, ҚАЙҒЫЛЫ






Сүйсіне алмадым, сүймедім,
Сүйегім жасып, сор қалың.
Сүйісіп саған тимедім,
Бола алмадым сенің жарың.

# СҮЙСІНЕ АЛМАДЫМ

ӨҢДЕГЕН — Б.ДӘЛДЕНБАЕВ




л(а)ал–ма–дым се– нің жа– рың, бо– л(а)ал–ма–дым се–нің жа–
рың.

# БІРЕУДЕН БІРЕУ АРТЫЛСА

ӨҢДЕГЕН — М.ИВАНОВ-СОКОЛЬСКИЙ




біл–ген–ақ, на– дан на–дан–ақ сан қал– са. О–
mf
қы– ған бі–лер әр сөз–ді, на– дан– дай бол–мас
ак сөз–ді. На– дан жөн– ді– ге жөн кел–мей, бі–
f
mp
лер қай– да– ғы шәр– гез– ді.
rit.

# БІРЕУДЕН БІРЕУ АРТЫЛСА

ӨҢДЕГЕН — Б.ДӘЛДЕНБАЕВ




mf
са. О– қы– ған бі–лер әр сөз–ді на–
дан– дай бол–мас ақ сөз–ді. На– дан–
нан ді– се жөн қол–мен бі–
лер қай– да– ғы шәр– гез– ді.



Біреуден біреу артылса,
Өнер өлшеніп тартылса,
Оқыған білген-білген ақ,
Надан-надан-ақ сан қалса.

Оқыған білер әр сөзді,
Надандай болмас ақ сөзді.
Надан жөндіге жөн келмей,
Білер қайдағы шәргезді.

# КӨҢІЛ ҚҰСЫ ҚҰЙҚЫЛЖЫР

ӨҢДЕГЕН — В.НОВИКОВ




ты- сы- на би- ле- сін ол құ-лақ-
қа шыр-қап, қал-қып, сор-ға- лап,
та-мыл- жи-ды, жү-рек тер-беп о- я-тар
бас-та ми-ды. Бұл дү-ние- нің ләз- за- ты




Көңіл құсы құйқылжыр шартарапқа.
Адам ойы түрленіп ауған шақта.
Солғын ән көлеңкесі сол көңілдің,
Тақтасына билесін ол құлаққа.

Шырқап, қалқып, сорғалап, тамылжиды,
Жүрек тербеп, оятар баста миды.
Бұл дүниенің ләззатты бәрі сонда,
Ойсыз құлақ ала алмас ондай сыйды.

Ұйқтап жатқан жүректі ән оятар,
Оның тәтті оралған мәні оятар.
Кейі зауық, кейі мұң, дертін қозғап,
Жас балаша көңілді жақсы қатар...

Әннің де естісі бар, есері бар,
Тыңдаушының құлағын кесері бар.
Ақылдының сөзіндей ойлы күйді,
Тыңдағанда көңілдің өсері бар...

...Өмірдің алды ыстық, арты суық,
Алды ойын, арт жағы мұңға жуық.
Жақсы әнді тыңдасаң ой көзіңмен,
Өмір сәуле көрсетер судай тұнық.

# АМАЛ ЖОҚ-ҚАЙТТЫМ БІЛДІРМЕЙ
(ҮШІНШІ ТҮРІ)

ӨҢДЕГЕН — Д.МАЦУЦИН



Амал жоқ — қайттым білдірмей,
Япырм-ау, қайтып айтамын?
Қоймады дертің күйдірмей,
Не салсаң да тартамын.

Талапсыз, бақсыз мен сорлы
Еріксіз аттап ұяттан,
Қорлыққа көндім бұл құрлы,
Байқалар халім бұл хаттан.

Әлімше мен де ұялып,
Білдірмен дедім өлсем де.
Шыдар ем күйіп мен жанып,
Айында бірер көрсем де.

Болмады көріп қалуға,
Естіп біраз сөзіңді.
Шыдар ем бір ай жатуға
Ұзақ түн жұмбай көзімді.

# ТАТЬЯНА СӨЗІ
(АЛТЫНШЫ ТҮРІ)

ӨҢДЕГЕН — В.НОВИКОВ




бе-кіп ең.
Та- лақ е- тіп бұл ғалам-ды бол-ды мә-лім кет- ке-
нің кі - нә-сы жоқ жас а-дам-ды
қат-ты соқ- қан н(ә)ет ке-нің.




Тәңірі қосқан жар едің сен,
Жар ете алмай кетіп ең.
Ол кезімде бала едім мен,
Аямасқа бекіп ең.

Талақ етіп бұл ғаламды,
Болды мәлім кеткенің.
Кінәсы жоқ жас адамды,
Қатты соққан не еткенің!

Елжіреген жас емес пе ем?
Еппен айтсаң жұбатып.
Мен ғашыққа мас емес пе ем?
Кетсең еді ұзатып.

Сен жаралы жолбарыс ең.
Мен киіктің лағы ем,
Тірі қалдым, өлмей әрең,
Қатты батты тырнағың.

Бұл кінә емес, әншейін наз,
Сағынамын, айтамын.
Досың ақпын, тағдыр араз.
Толғанамын, қайтемін...

# ЕСІҢДЕ БАР МА ЖАС КҮНІҢ

ӨҢДЕГЕН — Ж.ТЕЗЕКБАЕВ






Есіңде бар ма жас күнің,
Көкірегің толық басың бос.
Қайғысыз, ойсыз, мас күнің?
Кімді көрсең бәрі дос.

Махаббат, қызық, мал мен бақ,
Көрінуші еді досқа ортақ.
Үміт жақын, көңіл ақ,
Болар ма сондай қызық шақ?

Құдай-ау, қайда сол жылдар,
Махаббат қызық сол жылдар?!
Ақырын, ақырын шегініп,
Алыстап кетті-ау құрғырлар.

# ҚАРАҢҒЫ ТҮНДЕ ТАУ ҚАЛҒЫП

(БІРІНШІ ТҮРІ)

ӨҢДЕГЕН — В.НОВИКОВ

БАЯУ, ТЕРЕҢ СЕЗІММЕН






Қараңғы түнде тау қалғып,
Ұйқыға кетер балбырап.
Даланы жым-жырт, дел-сал
ғып,
Түн басады салбырап.

Шаң шығармас жол-жағы,
Сілкіне алмас жапырақ.
Тыншығарсың сен-дағы,
Сабыр қылсаң азырақ.

# ҚАРАҢҒЫ ТҮНДЕ ТАУ ҚАЛҒЫП

ӨҢДЕГЕН — Т.МУХАМЕДЖАНОВ




mf
mp
1.
түн ба– са– ды бал– бы–рап.
mf
mp
p
2.
//–рак.
pp

# ТЕРЕКТІҢ СЫЙЫ

ӨҢДЕГЕН — Ж.ТЕЗЕКБАЕВ




тас– ты жа–рып а– рыс-тан-ның жа– лын-дай
бұй–ра тол– қын ай– да–һар–дай бүк–те–ліп
жүз тол–ға– нып Кав–каз–дан шық–ты жай–нап
қы-зып у–шу тү– зу жер–ден жол кер– неп ұл– ғай-ды су
3




Асау Терек долданып, буырқанып,
Тауды бұзып жол салған, тасты жарып.
Арыстанның жалындай бұйра толқын,
Айдахардай бүктеліп жүз толғанып.

Кавказдан шықты жайнап, қылып у-шу,
Түзу жерден жол кернеп ұлғайды су.
Қалың қайрат бойында, беті күліп.
Момынсынған пішінмен ағады қу.

Кавказдай құзда туған перзенттенмін,
Бұлттың сүтін ішіп ер жеткенмін.
Қазбектен ағам, сені көксеп шығып,
Кім қақтықса жолымда күйреткенмін ...

Аптығып асау інің келді, ақсақал
Тау-тасқа адамзатқа салып жанжал.
Дем алайын деп келдім, аш қойыныңды,
Сәлем-сауқат әкелдім, қош көріп ал.

# ӨЛСЕМ ОРНЫМ ҚАРА ЖЕР СЫЗ БОЛМАЙ МА?

ӨҢДЕГЕН — Ж.ТЕЗЕКБАЕВ






Өлсем, орным қара жер сыз болмай ма?
Өткір тіл бір ұялшақ қыз болмай ма?
Махаббат ғадаулат пен майдандасқан,
Қайран менің жүрегім мұз болмай ма?

Амалсыз тағдыр бір күні кез болмай ма?
Біреуге жай, біреуге тез болмай ма?
Асау жүрек аяғын шалыс басқан,
Жерін тауып артқыға сөз болмай ма?

Іщім толған у мен өрт, сыртым, дүрдей,
Мен келмеске кетермін түк өндірмей.
Өлең шіркін өсекші, жұртқа жаяр,
Сырымды тоқтатайын айта бермей.

# МАҒЫШТЫҢ ЖОҚТАУЫ

ӨҢДЕГЕН — Ж.ТЕЗЕКБАЕВ






Айналайын, құдай-ау,
Қапалық салдың жасымнан
Шешенің зарын тарттырдың,
Бес жасымда басымнан
Сөйлемей пенде шыдамас
Қайғы отына ашынған.
Жарымды көрмей неше жыл,
Қапалықты асырған.

Жарымды алып қор қылдың,
Жас өмірде тасынған
Айырып, ет қып өртедің
Әбіш сынды асылдан.
Әбішті алып құл қылдың,
Қызылды гүлді жасылдан.
Тым болмаса қызмет қып,
Өткізбедім қасымнан.

Жиырма екі жасымда
Мен айрылдым жарымнан
Жарық сәуле көрмедім
Шыққалы ана қарнынан ...
...Өзгеше болып жаралған
Айрылдым қалқа жарымнан.
Сол қалқамды қоймаған
Замана неткен тар едің?..

# МАЗМҰНЫ


Ақын әрі композитор . Б. Ғизатов . . . . . . . . . . . . . . . 3

Сегіз аяқ (үшінші түрі). Өңдеген — Б. Ерзакович . . . . . . 5

Сегіз аяқ (алтыншы түрі). Өңдеген — Н. Меңдіғалиев . . . 7

Қор болды жаным. Өңдеген — Л. Хамиди . . . . . . . . . . 9

Сен мені не етесің? Өңдеген — Н. Меңдіғалиев . . . . . . 12

Айттым сәлем, қаламқас. Өңдеген — Л. Хамиди . . . . . . 14

Ата-анаға көз қуаныш. Өңдеген — Б. Ерзакович . . . . . . 16

Ата-анаға көз қуаныш. Өңдеген — Қ. Шілдебаев . . . . . . 18

Өзгеге көңілім, тоярсың. Өңдеген — Д. Мацуцин . . . . . . 20

Көзімнің қарасы. Өңдеген — Л. Хамиди . . . . . . . . . . . 22

Көзімнің қарасы. Өңдеген — Ж. Тұрсынбаев . . . . . . . . 24

Бойы бұлғаң. Өңдеген — Б. Ерзакович . . . . . . . . . . . . 29

Сұрғылт тұман (үшінші түрі). Өңдеген — Н. Меңдіғалиев . 31

Қарашада өмір тұр. Өңдеген — В. Великанов . . . . . . . . 33

Қарашада өмір тұр Өңдеген — Б. Аманжолов . . . . . . . . 35

Желсіз түнде жарық ай. Өңдеген — М. Иванов-Сокольский . . . . 37

Желсіз түнде жарық ай. Өңдеген — Б. Қыдырбекова . . . 41

Мен көрдім ұзын қайың құлағанын. Өңдеген — Л. Хамиди . . . . . 43

Мен көрдім ұзын қайың құлағанын. Өңдеген — Д. Ботбаев . . . . . 47

Сүйсіне алмадым. Өңдеген — В. Великанов . . . . . . . . . 50

Сүйсіне алмадым. Өңдеген — Б. Дәлденбаев . . . . . . . . . 52

Біреуден біреу артылса. Өңдеген М. Иванов-Сокольский . . [illegible]

Біреуден біреу артылса. Өңдеген — Б. Дәлденбаев . . . . [illegible]

Көңіл құсы құйқылжыр. Өңдеген — В. Новиков . . . . . . [illegible]

Амал жоқ қайттым білдірмей. Өңдеген — Д. Мацуцин . . 6[illegible]

Татьяна сөзі (алтыншы түрі). Өңдеген — В. Новиков. . . . 64

Есіңде бар ма жас күнің. Өңдеген — Ж. Тезекбаев . . . . . 67

Қараңғы түнде тау қалғып. (I түрі). Өңдеген — В. Новиков . . . . 69

Қараңғы түнде тау қалғып. Өңдеген — Т. Мұхамеджанов 71

Теректің сыйы. Өңдеген — Ж. Тезекбаев . . . . . . . . . . 73

Өлсем орным қара жер сыз болмай ма? Өңдеген — Ж. Тезекбаев . . . . . . . 76

Мағыштың жоқтауы. Өңдеген — Ж. Тезекбаев . . . . . . . 78



АБАЙ ӘНДЕРІ

Нотографигі — С. Оразғалиев
Суретші — Б. Ақанаев
Көркемдеуші редактор — Ж. Болатаев
Техн. редакторы — Г. Сәбитова

Н/К

Терімге 14. 06. 94 тапсырылды. Басылуға 13. 09. 94. қол қойылды. Форматы 60х90 1/8. Офс. қағаз. Офс. тәсілмен басылған. «Таймс тектес» қаріп түрі. Шартты 10,00 баспа табақ. Есептік 9,61 баспа табақ. Таралымы 20000 дана. № 671 тапсырыс

Қазақсан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінің «Өнер» баспасы, 480124, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143-үй.

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінің Полиграфкомбинаты, 480002, Алматы қаласы, Мақатаев көшесі, 41-үй.